Қатар, бірге жүріп қызметтес болып келе жатқан замандас, әріптес, достар жөнінде жазу, пікір айту оңай мәселе емес."Артық айтсаң, өтірігің шығады, оған ел күә, кем айтсаң, несіне әуре болдың, ақ қағазды қор қылып"-дейді. Дәл үстінен дәп түсіп, замандастың, әріптестің, достың қыры мен сырын анық, ашық, адал сипаттап, елдің ойынан шыққанға не жетсін.

Ал Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев жөнінде қалай болсада тартынбай, уялмай ой толғауға болады. Ол ол ма, Мәмбет Қойгелдиевпен замандас, әріптес, қызметтес болған жағдайды мақтанышпен айту керек. Өйткені ол көптің бірі емес, бірігейі, қайталанбас қайсар, парасатты, ірі тұлға. Қазақ, құдайға шүкір, тұлғаларға кенде емес, бірақ арамызда жүрген арыстарды тек мүшел тойларында ғана еске алып, жеріне жеткізе мақтап-мақтап, сыр-сияпат көрсетіп, сосын келесі тойға дейін ұмытып кететін ауруымыз бар.

Осы аурудан арылайық, абзал азаматтарымызды, ұлы тұлғаларымызды тани білейік, күнделікті өмірде қадірлеп-қасиеттеп, асқақтатып аялайық деп бір-бірімізді үгіттейміз. Ал бірақ сүтпен кірген ауру сүйекпен ғана шығатын түрі бар. Лайым бұл кесепат жастарға жұқпасын.

Мұны айтып отырғаным Мәмбет Қойгелдиевтің басынан талай-талай оқиғалар өтті-қиындық та, жақсылық та, өмірдің жадыраған жазы да, қытымыр қысы да. Бірақ ол еш уақытта мойыған емес, әр кезде бір қалыпты, сабырлы, салмақты бола білді. Ал лауазымды қызмет атқарып жүргенде көкірегін, жоғары мінез білдірген емес. Әрине бұл азаматтылықтың, парасаттылық пен пайымдылықтың, шынайы зиялылықтың, адамгершіліктің нышаны, белгісі.

Мәмбет Құлжабайұлын өз қатарынан алға шығарып, топ жарған ғалым деңгейіне көтерген өзінің жеке басының айырықша қасиеттері. Ол жастайынан өте зерек, ақкөңілді, ұқыпты, тәртіпті, және еңбекқор болып өсті. Өзін қоршаған ортаға, болып жатқан құбылыстарға, өтіп жатқан оқиғаларға, қызметтес болған кісілерге ешқашан енжар болған емес, немқұрайлы қараған емес. Әр мәселеге әділ, өзінің алғыр ойымен және творчестволық тұрғыдан қарайтын. Заман талабын, уақыт өлшемін түсіне білген көрнекті ғалым, алаш перзенті, парасатты тұлға.

Ең алдымен Мәмбет Қойгелдиевтің үлкен ғалымдығын баса айту керек. Оның үлкен биікке шығарған да, ел жұртына кеңінен танытқан да, еліміздің белгілі қайраткері дәрежесіне де көтерген сол ғалымдығы.

Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев - қазақтың абзал азаматы, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, танымал қайсар қайраткер-тұлға. Мәмбет Қойгелдиев дегенде менің есіме 1986 жыл түседі. Ол біздің алғашқы танысқан жылымыз, сол жылы біз ҚазМУ-дің атынан Қызылорда қаласына командировкаға барғанбыз. Содан бері қатар жүріп, бірге қызмет істедік, ғылыми жолға бірге түстік, өмір қызығын бірге іздедік. Әлде де әріптес, дос болып қызмет атқарып келеміз. Жақында ол 75 жасқа келеді. Ол Қазақстан тарихының, әсіресе Сталиндік кезеңдегі тарихпен әлеуметтік-саяси ғылымдарының зерттелмеген проблемаларын зерттеген ғалым.

Сталиндік зобалаң шағын ұлттардың санасын өзінің лайсан идеологиялық толқындармен ұдайы тұншықтырып ұстағаны белгілі. Осындай қатыгез тағдыр тәлкегіне Қазақстандағы алаш қозғалысы да ұшырады. Соңғы екі ғасырда қазақ тарихындағы ең маңызды қоғамдық ой-сана қозғалысы, тәуелсіздік қозғалысы, ұлт-азаттық қозғалысы, оның ең жоғары деңгейдегі көрінісі-Алаш идеясы мен Алаш қозғалысы екенін Мәмбет Қойгелдиев бүгешесіне дейін талдап-талқылап, дәлелдеп берді.

Бұл ретте ғалымның «Алаш қозғалысы» аталатын екі кітаптан тұратын монографиялық іргелі зерттеуін бөліп атаған жөн. Бұл еңбектің алғашқы кітабы 1994 жылы жарық көріп, алаш – қазақ ұлт-азаттық қозғалысының бастапқы кезеңіне арналған зерттеу жұмысы ретінде қоғам тарапынан жағымды бағасын алды. Кітапты оқып шыққан Хасен Оралтай жолы түсіп Алматыға келгенде М.Қойгелдиевпен таныса отырып «Мәмбет, осы сен совет мектебінде оқыған ба едің?» деген сұрау қояды. Белгілі қайраткер тұлғаның бұл қойған сұрауының астарында «Алаш қозғалысы» авторының методологиялық ұстанымына берген бағасы жатқандығын байқауға болатын еді.

«Алаш қозғалысының» екінші кітабы араға біраз уақыт салып 2017 жылы жарық көрді. Автор мұндай үзілістің екі себебін бөліп атайды. Біріншіден оны жазуға мүмкіндік беретін фактілік материалдарға қол жеткізудің қиындығы еді. Екіншіден, әлгінде ғана тарих қойнауына ығысқан советтік саяси жүйеге мүмкін болғанша объективті талдау жасауға уақыт, тәжірибе қажет еді.

Зерттеу жұмысының екінші кітабында алаштық буынның советтік кезеңдегі өмір жолы талдауға алынады. Автор бұл тарихи мезгілді қазақ ұлт-азаттық қозғалысының екінші кезеңі ретінде қарастырып, оның негізгі бағыттары мен осы ұстанымдағы тарихи тұлғалардың қызметіне тоқталады. Соған байланысты кітапта жасалатын тұжырым: бұл мезгілде тоталитарлық жүйе Қазақстанда жаңа қоғамдық құрылым орнату ісінде өзіне балама саяси бағдарламалық ұстаным бар екендігін мойындаудан бас тартып, қатерлі жолға түсті. Ал бұл жолдың қазақ халқына қаншалықты зардапты болғандығы бізге тарихтан мәлім.

М.Қойгелдиевтің соңғы жылдары жарық көрген «Қорғансыздың күнін кешкендер» (Алматы, Арыс баспасы, 2019, 304б.) және «Қиянат анатомиясы» (Алматы, Арыс, 2020, 360б.) аталатын монографиялық еңбектері, әрине, алаш қозғалысына арналған зерттеудің алғашқысы алаштық ұстанымдағы ақын-жаушылардың (А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов т.б.) советтік кезеңдегі шығармашылықтағы қайғылы тағдырына арналған. Автор бұл еңбегінде ұлт қаламгерлері орталық биліктен қазақ халқына өз отанына иелік құқын қайтаруды ғана талап етті. Артық ештеңе сұраған жоқ. Ал, бірақ, сол үшін «қазақ ұлтшылдары» есебінде жазаланды деген тұжырымға келеді. 2020 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген «Қиянат анатомиясы» аталатын автордың еңбегі, біздің пікірімізше, тың да батыл тұжырымдарымен ерекшеленеді. Мәселен, ол большевизмнің жасанды түрде тап күресін өрістетуі мен ауқаттылар меншігін конфискілеу шараларын іс жүзінде арандатушылық қызмет ретінде 1929-1931 жж. халық көтерілістеріне алып келгендігін нақты фактілік негізде нанымды баяндайды.

Ғалымның бұл жасампаз, құнды еңбектері еш уақытта ескірмейді, ұлтпен бірге, Алашпен бірге мәңгі жасай береді. Алаш қозғалысының тарихы қызықты да күрделі тарих. Олар бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін күрескен, алмағайып аласапыран заманда бар қайрат-жігерін, ақыл-ойын, амал-айласын алаш баласының азаттыққа қол жеткізуіне арнаған, осы жолда "арыстанша айға шауып мертіккен", бірақ азаттықтың ақ жолын алғаш салып кеткен әруақты аталарымыз еді. Міне, осындай алаш қозғалысы қайраткерлерінің ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту үшін жүргізген күресі, жалпы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы тарихы туралы өзекті мәселелер тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. Мәмбет Қойгелдиевтің негізгі зерттеу объектісіне айналды. Ол осы бағытта өз ғылыми мектебін қалыптастырды. Ғалымның осы күрделі тақырыпқа баруы үлкен батылдықты, тапқырлықты қажет етті. Себебі, әлі де Қазақстанның тәуелсіздікке сенімді бола алмай отырған, күмәншілдік тұманы толық сейілмеген, сондықтан да тарихшыларымыз өткенге жалтақтап, болашаққа күдіктене көз тастап отырған

кезінде Мәмбет Қойгелдиев осылайша алаш қозғалысының мәні мен саяси құрылымын жаңа, тапсыз және ұлттық концепция бағдарына сәйкес батыл анықтап берген еді. Сонымен бірге ғалым Алаш қозғалысының ішкі саяси динамикасына үнілуімен шектелмей, осы қозғалыстың көш басшылары, ұйтқылар-қазақ интелегенциясына жаңаша баға беруге ден қойған еді. "Осы уақытқа дейін жарық көрген еңбектерде, -деген ғалым бір сұхбатында, оларға (Алаш қозғалысының көш басшыларына) "қазақ ұлтшылдары буржуазиялық ұлтшылдар", "буржуазиялық либералдар", тағы сол сияқты анықтама бергенін білеміз... Алаш интелегенциясы капиталистік қоғам құруды немесе таза ұлттық мемлекет орнатуды өздеріне бағдарламалық мұра етіп қойған емес. Олар негізінен, екі мақсатты көздеді. Бірі -қазақ елін отарлық езгіден азат ету, екіншісі- қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен, өркениетті әлеуметтік- экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу... Сондықтан да біз алаштың интелегенцияны ұлттық-демократиялық интелегенциядеп атауға толық негізіміз бар" -деп айтқан. Ғалымның бұл пікірлерінің өмір шындығымен үндесіп жатқанын бүгінгі болмысымыз дәлелдеп отыр.

Кезінде Мәмбет Құлжабайұлы ҰҚК-ның мұрағатарымен жұмыс істеп, репрессияға байланысты іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, әлі де шындық айтылмаған, қоғамға жетпеген тұстарының көп екенін анықтап, халыққа ойын ашық жеткізді. Оның бәрін жарыққа шығаруға әліде дайын емес екенімізді қынжыла айтып, тас бөгесінді қақырата бұзуға барынша қайрат көрсетіп жүргенін көзі қарақта жандар жақсы біледі. "Тарихи шындықты білген халық - ол алғыр, мықты халық. Ол өзіне өзі сенімді халық. Ал Тарихи шындықты білмеген халық жалтақ әрі қорқақ болады. Біз халқымызды білімді, интеллектуалды, ақылды, өз мүддесін қорғай алатын халық тұрғысынан көргіміз келсе, оған тарихи шындықты білуге және меңгеруге әрі өз қажетіне жаратуға қолдау көрсетуіміз қажет" деуден таңбай келе жатқан табанды тұлға.

Профессор М.Қойгелдиев ұлттық идеологияны қалыптастыруда ұлтқа қызмет етудің үлгісін көрсетіп жүрген абзал ғалым. Ұлттық идеологияны қалыптастырудың бірде-бір жолы ретінде өткен тарихымызды, шынайы тарихымызды оның ішінде алаш мұрасын танытуға, осылайша Қазақстанның шынайы тарихын жазуға үлкен күш жұмсап келеді.

Мәмбет Құлжабайұлы еліміздегі білім жүйесінде 40 жылдан астам уақыт абыройлы қызмет жасап, жұмысында ұстаздық және ғалымдық міндеттерді үйлесімді ала жүріп, тарихшы мамандар даярлау ісіне өз үлесін қосып келе жатқан ғалым. Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университеті тарих факультетінің түлегі М.Қойгелдиев 1971 жылдан бергі уақытта еліміздің жоғары оқу орындарында ұстаздық қызметін, ғылыми-зерттеу жұмысымен ұштастыра алып келеді. Оның еңбек сатыларын атасақ, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ҚР жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтының директоры, содан кейін ҚР БҒМ Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультетінің кафедра меңгерушісі, қазіргі уақытта "айтылған тарих" ғылыми орталығының директоры. 1978 жылы ғылым кандидаты, ал 1994 жылы ғылым докторы дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысты қорғаған. 2017 жылдан ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі.

Иә, Мәмбет Құлжабайұлы, шын мағынасында қазақ оқығандарының жаңа буын өкілі. Ол айналысындағыларға, әсіресе, кейінгі жастарға шексіз қамқор ықылас-ниетін сыйлаумен ерекшеленеді. Сөйлеген сөзінен, үлкенге құрметінен ұлтымызға тән қарапайымдылық, нағыз зиялылық лебі есіп тұрғандай.

Профессор Мәмбет Қойгелдиевтің ғылым саласындағы белсенді қызметі Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік жылдарында түс келді. Бұл кез қазақ халқының шығу және қалыптасу тарихы мәселелері төңірегінде айтыс-тартыстар туғызып, ғылыми негізі берік емес, бір жақты тарихи болжамдарға жол ашқан еді.

Бүгінгі күні жазылып жатқан тарих біріншіден, ұзақ уақыт қалыптасқан еуроцентристік қате тұжырымдардан әлі күнге дейін бас тарта алмай отырса, екіншіден, әр дәуірге қатысты

тарихымызға қатысты деректердің жеткіліксіздігінен әр түрлі үстірт, публицистикалық сипаттағы болжамдар мен тұжырымдарға мүмкіндік берілді.

Міне, жоғарыда атап өткеніміздей, осындай тарих ғылымындағы аласапыран кезінде жас ғалым Мәмбет Қойгелдиевтің Алаш қозғалысы туралы тақырыпты өзінің ғылыми зерттеу объектісіне айналдырып, осы бағытта өз мектебін қалыптастыруы үлкен ерлік еді.

Ғалымның тағы бір сұхбатында "біз жалған тарихтан бас тартуымыз керек дейді. Кезінде кеңістік, мәскеулік орталықтың басқаруымен соңын бағытымен тарих ғылымда жасалған концепция, тұжырымдар бар. Осы тұжырамдар күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді. Ресей тарихшылары қазір осы тұжырымдардың бәрін болмасада негізгілерін қалдырғысы келеді. Ондай тарихшылар тек Ресейде ғана емес, бізде де бар. Менің түсінігім бойынша, статус кво өзгеруі, одан тарих ғылымы бастартуы керек. Бізде тәуелсіз мемлекет, ел, ұлт ретінде өзіміздің санамыздың, ақыл ойымыздың елігінен, соның сарабынан өткен, өзінің методологиясы, ұстаным, өзінің зерттеу әдісі бар тарих ғылымы болуы қажет. Бізде қорытылған тарих болуы тиіс. Ол қорытылған тарих жай айтылып қана қоймай, тарих оқулықтарына кіруі ләзім. Жаңа қорытылған тарихты, жаңа ұстаным тұрғысынан айтылған тарихта оқулық арқылы жас ұрпақтың санасына кіргізуіміз керек. Ұлттық тарихымызға байланысты жаңа ұстанымдар, жаңа тұжырымдар жас ұрпақтың санасына орнығуы қажет... Алаш қозғалысы ұлттық тұтастықты, ұлттық бірегейлікті сақтау үшін жүргізген күрес екінің жүйелі түрде біз тарих оқулықтарына енгізіп, жас ұрпақтың ақыл-ойына, санасына сіңіруіміз керек"-деген.

Мәмбет Құлжабайұлының ғылыми ізденістерінің нәтижесінде "Алаш қозғалысы" (бір кітап 1995; екінші кітап, 2017), "Ұлттық саяси элита"(2004) "Жетісудағы Ресей билігі" (2004),"Сталинизм и репрессия в Казахстане 1920-1940гг."(2009), «Қорғансыздың күнін кешкендер» (2019), «Қиянат анатомиясы» (2020) сонымен қатар басқа авторлық бірлікте ондаған монографиялық еңбектер өмірге келген. "Казахстан в российских революциях 1917года"(авторлық бірлікте, 2011)атты монографиялық еңбектері, бұлардан ертерек жарық көрген" Қадырғали Құсымұлы және оның жылнамалар жинағы" (авторлық бірлікте,1992) және "Тарих тағылымы не дейді?" (авторлық бірлікте, 1993) атты кітаптары ғалымның отандық тарихнамаға қосқан үлесі болып табылады. Сондай-ақ Мәмбет Құлжабайұлы гуманитарлық ғылымда тарих саласы бойынша аса қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға ерекше дем қойып, олқылықтың орнын толтыруға күш салды. Ол жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған "Қазақстан тарихы " оқулығы авторларының бірі (2010), 2011баспадан шыққан 11 сынып оқушыларына арналған (Қазақстан тарихы) оқулығы авторлар тобының жетекшісі. Ол республикалық мектеп оқушыларының білімін жетілдіру институтында тұрақты дәріс оқыйтын ұстаз, 1995-1999жж. еліміздің жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтын басқарды. Қорқыт-ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің және Семей қаржы-экономикалық институтының құрметті профессоры. 2010 жылы (2010 жылғы ЖОО үздік оқытушысы) атанды. Қазақстанның білім және ғылым жүйелеріне сіңірген ерен еңбегі, білім берумен өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі зор жетістіктері үшін "Парасат" орденімен марапатталды.

Мәмбет Құлжабайұлының көп жылғы ғылыми -педагогикалық жұмысы барысында қоғамдық өмірге де, халықаралық ғылыми бағдарламаларға да белсене араласты. Оның бастамасымен 2004 жылы қоғамдық негізде үкіметтік емес ұйым (Қазақстан тарихшылары қауымдастығы) құрылып, құрылтай жиналысында төраға болып сайланды. Қауымдастық 2007жылы қыркүйекте Пекин қаласында өткен тарих ғылымның Халықаралық Комитетінің Бас Ассамблеясының мәжілісінде осы ұйымға мүшелікке қабылданды. Бұл еліміздің тарихшы-ғалымдарының халықаралық кеңістікке шығуына мүмкіндік туғызатын жағдай болып табылады. Қауымдастықтың белсенді араласуымен елімізде республикалық және халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, оқытушылардың білімін жетілдіру курстары және басқада шаралар өткізілуде.

Қазақстан тарихшылары қауымдастығының төрағасы ретінде Мәмбет Құлжабайұлы Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданы Қошқарата ауылында «Мәдени мұра:

халықтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғырту жолдары» (2005, 26-27 мамыр) , Петропавл қаласында «Солтүстік Қазақстан: өңір тарихы, тұлғалар тағдыры» (2010, 4 маусым) және басқа осы сияқты тақырыптарға еліміздің түрлі аймақтарында ғылыми конференциялар өткізу туралы ұсыныс түсіріп, оларды өткізуге жетекшілік жасады. Мақсат-тарих ғылымының соңғы жетістіктерін қалың халық ортасына жеткізу еді. Қоғамда мемлекетшілдік ұстаным және жаңа тарихи сана қалыптастыру мақсатын көздеген осындай ғылыми жиындар Астана, Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында, Алматы облысының Жамбыл, Көксу, Ескелді және Панфилов (Жаркент) аудандарында өткізілді.

Профессор М. Қойгелдиев Иран Ислам Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Жапония, Ресей Федерациясы, Түркмения және Қырғызстанда өткізілген халықаралық ғылыми жиындарда Қазақстан тарихшылары атынан атынан баяндамалар жасады. Оның ғылыми еңбектері Ресейде, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Түркияда және басқа елдерде жарық көрген.

Тарихшы - ғалым ғылыми және қоғамдық белсенді қызметі үшін Халықаралық Сократ сыйлығымен (2007), Америкалық биография институтының Алтын медалімен (2009), «Халықаралық мәдениет конвенциясы» ұйымының «Халықаралық Бейбітшілік сыйлығымен» (2010) марапатталған, Вена қаласының халықаралық университеті оған өзінің құрметті профессоры атағын (2007) берген.

М.Қ.Қойгелдиев «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қоғамдық мүшесі. Бағдарламаның «Тарих және этнография» секциясының төрағасы ретінде «История Казахстана в русских источниках», «История Казахстана в западных источниках», «Тарих - адамзат ақыл - ойының қазынасы» және «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» атты көптомдық сериялық басылымдарды даярлау ісіне жетекшілік жасады. Оның ұсынысы және жетекшілігімен 5 кітаптан тұратын «Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы» (2004-2008) және 12 томдық «Қазақ ұлт - азаттық қозғалысы» (2007-2008) қазақ және орыс тілдерінде, «Красный террор: из истории политических репрессии в Казахстане» құжаттық материалдар жинағы (2013) баспадан шықты.

Мәмбет Қойгелдиевпен тікелей бетпе-бет кездесу барысында және басқа адамдармен пікір алмасқанда ол жөніндегі сипаттамаларды қорытар болсам, біріншіден оның адами қасиетіндегі батылдығын, турашылдығын тілге тиек еткен болар едім. Турашыл болу, көбіне-көп қоғам қайраткерлеріне тән қасиет болса, Мәмбет Құлжабайұлы те өзінің істеп жүрген жұмысына адалдығын білдіріп, ғылым мен білім жөніндегі өзіндік толғаныстарын бұлтармастан бүкпесіз жеткізетін. Кейінгі жылдары байқағаным заманның күрт өзгергеніне қарамастан, қоғамдағы шытырман құбылыстар туралы өз ойымен, ұсыныстарын көңілге қонымды тұрғыдан қорытып, айтып жүр. Оны үлкен қайраткер ретінде биік деңгейге көтерген көп қасиетінің бірі-оның ұлтжандығы. Ол өмір бойы ұлтым, қазағым деп жүрген азамат-ғалым. Бұған бір жағынан, оның өз өмірі, қызметі, іс-әрекеті куә болса, екінші жағынан оның жазған еңбектері дәлел.

Профессор М.Қ. Қойгелдиев қоғамның тарихи танымның өзгеруіне, сондай - ақ елімізде мемлекетшілдік және патриоттық сана қалыптастыру ісіне белсене атсалысып жүрген ғалым. Ол сценарий авторы, ғылыми кеңесші және түсінік беруші ғалым ретінде «Әлихан және Мұстафа» (1998. Хабар), «Алаш» (2007, реж . Х.Омаров), «Бірінші» (2007 , реж . Қ.Олжай), «Мұстафа Шоқай ізімен» (2011 , реж . Қ.Бегманов) . «Кенесары хан» (2011, реж . М.Конуров), «Асықпаған ақиқат» (2011, реж.Б.Әбіш) және көптеген деректі фильмдерді даярлауға қатысты. Отан тарихының өзекті мәселелеріне арналған оның мақалалары БАҚ-да үнемі жарияланып тұрады.

Танымал тарихшы, патриот ретінде М.Қ.Қойгелдиев мемлекеттік органдардың жұмыстарына да белсене араласады. Ол 1991 және 1998 жж. ҚР Парламенті жанынан құрылған комиссиялардың мүшесі ретінде ҚазОАК мен ҚАКСР ХКК - нің 1920-30 жж. бай қожалықтарын тәркілеуге және қазақ қожалықтарын отырықшыландыруға байланысты

қаулылырын қайта қарау, сондай - ақ саяси репрессия құрбандарын ақтауға байланысты маңызды құжаттық материалдарды даярлауға белсенді түрде атсалысты. Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер бойынша Мемлекеттік комиссияның мүшесі болды.

Профессор М.Қ. Қойгелдиев 2008 жылдан бері Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PhD докторантура институты «Қазақстан тарихы мен мәдениеті» кафедрасының жанынан «Айтылған тарих» ғылыми - зерттеу орталығы ұйымдастырылды. Мақсат тарих ғылымындағы «Жаңа әлеуметтік тарих» аталатын бағытты өрістету арқылы зерттеудің тың технологиялық әдіс-құралдарына жол ашу. Орталық кафедра оқытушыларының, докторант және магистранттардың қатысуы мен Алматы облысының Көксу, Ескелді, Панфилов және Жамбыл аудандарында, Алматы қаласының Алатау ауданында экспедиция шығарып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде «Қазақстан қоғамының әлеуметтік тарихы» (XX г.). Тарих айту дәстүрі. 1 - шығарылым: Алматы облысының Көксу, Ескелді және Панфилов аудандары тұрғындарының жадында сақталған тарихтан « ауызша тарих). - Алматы, 2012».

М.Қ. Қойгелдиевтің құнды ғылыми еңбектері жаңа тарихи кезқарасты қамтамасыз ету бойынша ірі ғылыми бағыттың калыптасуына негіз қалағанын айту керекпіз. Ол еліне ерен еңбек сіңірген азамат. Бойындағы қайрат жігерін аямай халқына қызмет етті. Оның көрнекті қайраткер ретінде, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, білікті басшы ретінде халқы қатты құрметтейді.

Мәмбет Қойгелдиев сегіз қырлы, бір сырлы ғалым-азамат. Оның тағы бір қыры-еңбекқорлығы. Бос уақыты болмайды, әкімшілік немесе қоғамдық жұмыстан қолы босаса болды, жазумен немесе архивте отырады. Мәмбет Құлжабайұлының ел ішінде әсіресе интелегенттің арасында абыройы үлкен. Өзінен үлкен ағалары да, замандастары да, әріптестері де, жасы кіші-інілері де, шәкірттері де өте қатты сыйлайды. Оның себебі, Мәмбет Қойгелдиевтің үлкен адамгершілігінде, азаматтығында, кішіпейілділігінде, қарапайымдылығында, іскерлігінде.

Мәмбет Қойгелдиевтің ел қадірлеп сыйлайтын қасиеті көп-ақ. Соның тағы бірін айтайын. Ол ұстаздық-жетекшілік қасиеті. Оның дәрісін тындап, білім алып, маман болып шыққан жастар мыңдаған саналады. Осы күнгі көрнекті тарихшылардың көбісі оның шәкірттері. Ал ғылыми ізбасарлары өз алдына бір төбе. М.Қ. Қойгелдиевтің ғылыми жетекшілігімен, оның көмегі қамқорлығымен жазылып қорғалған кандидаттық және докторлық, магистрлік диссертациялар елуге тартады.

Білім беру мен тәрбиелеу-бұл бір-бірінен бөлінбейтін түсініктер. Жастарды сапалы тәрбиелеу проблемалары бүгінгі күні ешкімді алаңсыз қалдырмайды, өйткені ең маңыздысы-бұл лайықты жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу. "Ұл туса-жақсылық, ата-бабаларының жолымен жүрсе-игілік" дегенді білдіреді халық мақалы. Қазақ халқы ежелгі замандардан бері ұрпақтардың тәрбиесіне өте байыпты қарап келеді. Қазіргі уақытта тәрбиелеу жаңа тәсілді талап етеді. Бұл проблеманың өмірлік маңызы зор және де оны шешуге халық кен тұтастай алғанда қоғам да белсенді түрде қатысуы тиіс. Қатардағы адамдарға тәрбиелеудің мемлекеттік және ғылыми маңызды проблемаларын түсіндіру үшін жазушылық ерекше талантқа ие болу керек. Мәмбет Қойгелдиев нақ осындай адам болып табылады. М. Қойгелдиев- бұқаралық ақпарат құралдарына білім беру мен тәрбиелеудің басты проблемаларына арналған терең ойлы мақалалар жариялап жүрген ғалым.

Мәмбет Құлжабайұлы қоғамымызда болып жатқан саяси және әлеуметтік құбылыстардан да сырт қалған емес. Оларды ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдап, өзінің әділ бағасын беріп отыратын қайраткер, дара ғалым. Еліміздің дамуына, ұлтымыздың өсіп өркендеуіне, ғылым мен білімнің жетілуіне мүмкіндігінше өз үлесін қосып жүр. Ол қазақ халқының тарихында ерекше орын алады.

Қорыта келе айтарымыз, ғылым докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Мәмбет Құлжабайұлының тұлғалық болмысы мен

адамгершілік бітімін аңғартар біздің әңгімемізге арқау болған тоғысар тұсы-тарих екені даусыз. Тарих әлеміне қызмет етуді өзіне бақыт санайтын осындай ойы терең, жаны бай жақсы адаммен қатар жүрудің өзі ғанибет қой.

М.Қ.Қойгелдиев өз мерейтойын үлкен творчестволық табыстармен қарсы алып отыр. Қоғамымызда, еліміздің ғылым мен білім жүйесінде оның аты әйгілі, абыройы биік. Ол ғұлама ғалым, қайсар тұлға. Мәмбет Қойгелдиевті 75 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, басына бақ-береке, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, мол творчестволық табыстар тілейміз.

**Раушанбек Әбсаттаров,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
философия ғылымдарының докторы, профессор**

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Абдыханова Ғ.Т. - педагогика ғылымдарының магистрі, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ-сы, Қазақстан galiya2876@mail.ru

Алтыбасарова М.А. - Саяси ғылымдарының кандидаты, «Философия, әлеуметтану және саясаттану» кафедрасының доценті, С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университеті, e-mail: mika_al68@mail.ru

Антанович Н.А. - БМУ заң факультеті саясаттану кафедрасының меңгерушісі, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор antanovich@bsu.by ninaant66@yandex.ru
polit_bsu@mail.ru

Әбдір К.Ә. - филология ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ-сы, Қазақстан

Бисенбаев А.Қ.- 2 курс Ph D докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: amanzhol19@mail.ru

Жұмағұлов М.О. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, «Әлеуметтану» мамандығының докторанты, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: zakon_ali_kz@mail.ru

Ивлева Е.Н. - Әлеуметтік ғылымдар магистрі, Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы eivleva84@mail.ru

Каппасова Г.М. - «Саяси ғылымдарының кандидаты, «Философия, әлеуметтану және саясаттану» кафедрасының доценті, КЕАҚ Торайғыров университеті, e-mail: armoni04@mail.ru

Кусаинов Д.У. - Философия ғылымдарының докторы «Саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасы» профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: daur958@mail.ru

Қалмұханбетова М.Д. - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының 1 курс докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: kalmukhanbetova.meruert@gmail.com

Мамытқанов Д.Қ.- социология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: darchan777@mail.ru

Мұратова М.М. - әлеуметтану ғылымдарының магистрі, саясаттану ғылымдарының 2-курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан e-mail: mereige@gmail.com

Набиев В.Г. - саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының докторанты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: vakil_82@mail.ru

Нүсіпова Ә.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ-сы, Қазақстан asima1411@mail.ru

Онучко М.Ю. - с.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультеті саясаттану кафедрасының доценті, e-mail: onuchko@mail.ru

Побережная О. Е. - саясаттану ғылымдарының кандидаты, доцент, БМУ заң факультеті саясаттану кафедрасының доценті olga14021977@gmail.com polit_bsu@mail.ru

Рау И.А. - философия ғылымдарының докторы, профессор, Бундесфер жетекші кадрлар Академиясы, Гамбург қ., Германия

Решетников С.В. – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, БМУ заң факультеті саясаттану кафедрасының профессоры, Беларусь Республикасының Білім беру саласына еңбегі сіңген қызметкері polit_bsu@mail.ru

Садырова А.Т. - «Саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасы» PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: aynur.sadyrova@mail.ru

Сейдинова М. А. - Заң ғылымдарының магистрі, Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы madina.seidinova@bk.ru

Хмельницкая О.М. - Әлеуметтік ғылымдар министрі, Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы olesya_hmelnick@mail.ru

Шнарбекова М.К. - Ph.D, доцент м.а., әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: meruert.shnarbekova@kaznu.kz

Шорманбаева Д.Г. - PhD докторы, Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы yasmina-dinara@mail.ru

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Абдир К.А. - кандидат филологических наук, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

Абдыханова Г.Т. - магистр педагогических наук, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан galiya2876@mail.ru

Алтыбасарова М.А. - Кандидат политических наук, доцент кафедры «Философии, социологии и политологии», НАО Торайғыров университет, e-mail: mika_al68@mail.ru

Антанович Н.А. – заведующий кафедрой политологии юридического факультета БГУ, доктор политических наук, профессор antanovich@bsu.by ninaant66@yandex.ru polit_bsu@mail.ru

Бисенбаев А.К.- 2 курс Ph D докторант. Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: amanzhol19@mail.ru

Жумагулов М. О. - докторант специальности «Социология» Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан, e-mail: zakon_ali_kz@mail.ru

Ивлева Е.Н. - Магистр социальных наук преподаватель кафедры Ассамблея народа Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин, Карагандинский Технический Университет, Караганда, Республика Казахстан eivleva84@mail.ru

Каппасова Г.М. - Кандидат политических наук, доцент кафедры «Философии, социологии и политологии», НАО Торайғыров университет. e-mail: armoni04@mail.ru

Кусаинов Д.У. - доктор философских наук, профессор кафедры «Политологии и социально-философских дисциплин», Казахский национальный педагогический университете имени Абая, г. Алматы, Казахстан, e-mail: daur958@mail.ru

Қалмұханбетова М.Д. – докторант первого курса кафедры социологии и социальной работы Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: kalmukhanbetova.meruert@gmail.com

Мамытканов Д.К.- кандидат социологических наук, доцент, Казахский национальный университет им.аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан, e-mail: darchan777@mail.ru

Муратова М.М. - магистр социологических наук, докторант 2-курса политологии, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан, Казахстан e-mail: mereige@gmail.com

Набиев В.Г. - докторант кафедры Политологии и социально-философских дисциплин, Казахский национальный педагогический университете имени Абая, г. Алматы, Казахстан, e-mail: vakil_82@mail.ru

Нусупова А.Ж. - кандидат филологических наук, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан asima1411@mail.ru

Онучко М.Ю. - к.п.н., доцент кафедры политология, кафедры политологии факультета журналистики и политологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, e-mail: onuchko@mail.ru

Побережная О.Е. – кандидат политических наук, доцент, доцент кафедры политологии юридического факультета БГУ olga14021977@gmail.com polit_bsu@mail.ru

Рау И.А. - доктор философских наук, профессор, Академия ведущих кадров Бундесфера, г. Гамбург, Германия

Решетников С.В. – доктор политических наук, профессор, профессор кафедры политологии юридического факультета БГУ, Заслуженный работник образования Республики Беларусь polit_bsu@mail.ru

Садырова А.Т. - Докторант PhD кафедры «Политологии и социально-философских дисциплин», Казахский национальный педагогический университете имени Абая, г. Алматы, Казахстан, e-mail: aynur.sadyrova@mail.ru

Сейдинова М.А. - Магистр юридических наук старший преподаватель кафедры Ассамблея народа Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин, Карагандинский Технический Университет, Караганда, Республика Казахстан madina.seidinova@bk.ru

Хмельницкая О.М. - Магистр социальных наук старший преподаватель кафедры Ассамблея народа Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин, Карагандинский Технический Университет, Караганда, Республика Казахстан olesya_hmelnick@mail.ru

Шнарбекова М.К. - Ph.D, и.о доцента кафедры социологии и социальной работы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: meruert.shnarbekova@kaznu.kz

Шорманбаева Д. Г. - Доктор PhD, заведующая кафедрой Ассамблеи народа Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин, Карагандинский Технический Университет, Караганда, Республика Казахстан yasmina-dinara@mail.ru

INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Abdir K.A. - candidate of philological sciences, M.Kh. Dulati Taraz Regional University. Taraz, Kazakhstan

Abdykhanova G.T. - Master of Pedagogical Sciences, M.Kh. Dulati Taraz Regional University. Taraz, Kazakhstan

Altybassarova M.A. - Candidate of Political Sciences, Associate Professor Non-Commercial Joint Stock Company Toraigyrov University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan; e-mail: mika_al68@mail.ru

Antanovich N.A. - Head of the Department of Political Science of the Faculty of Law of BSU, Doctor of Political Sciences, Professor antanovich@bsu.by ninaant66@yandex.ru polit_bsu@mail.ru

Bissenbayev A.K. - Ph D doctoral student 2 course, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: amanzhol19@mail.ru

Ivlyeva Y.N. - Master of Social Sciences, teacher of the Department of the Assembly of People of Kazakhstan and Social and Humanitarian Disciplines, Karaganda Technical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan eivleva84@mail.ru

Kalmukhanbetova M.D. – first year doctoral student of the Department of Sociology and Social Work, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalmukhanbetova.meruert@gmail.com

Kappasova G.M. - Candidate of Political Sciences, Associate Professor Non-Commercial Joint Stock Company Toraigyrov University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan; e-mail: armoni04@mail.ru

Khmelnitskaya O.M. - Master of Social Sciences, senior teacher of the Department of the Assembly of People of Kazakhstan and Social and Humanitarian Disciplines, Karaganda Technical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan olesya_hmelnick@mail.ru

Kussainov D.U. - Doctor of Philosophy, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: daur958@mail.ru

Mamytkanov D.K. - Candidate of Sociological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: darchan777@mail.ru

Muratova M.M. - Master of Social Sciences, Doctor student of the Department of Political Science of the L. N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan e-mail: mereige@gmail.com

Nabiev V.G. - Doctoral student of the Department of Political Science and Socio-Philosophical Disciplines, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: vakil_82@mail.ru

Nusupova A.Zh. - candidate of philological sciences, M.Kh. Dulati Taraz Regional University. Taraz, Kazakhstan

Onuchko Marina - candidate of political Sciences, professor, Lev Gumilev Eurasian National University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan, e-mail: onuchko@mail.ru

Poberezhnaya O.E. - candidate of Political Sciences, Associate Professor, Associate Professor of the Department of Political Science of the Faculty of Law of BSU olga14021977@gmail.com polit_bsu@mail.ru

Rau I.A. - doctor of philosophy, Professor, Academy of leading personnel of the Bundeswehr, Hamburg, Germany

Reshetnikov S.V. - Doctor of Political Sciences, Professor, Professor of the Department of Political Science of the Faculty of Law of BSU, Honored Worker of Education of the Republic of Belarus polit_bsu@mail.ru

Sadyrova A.T. - PhD Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: aynur.sadyrova@mail.ru

Seydinova M.A. - Master of Social Sciences, senior teacher of the Department of the Assembly of People of Kazakhstan and Social and Humanitarian Disciplines, Karaganda Technical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan madina.seidinova@bk.ru

Shnarbekova M. K. - Ph.D, Acting Associate Professor of the department of Sociology and Social Work, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: meruert.shnarbekova@kaznu.kz

Shormanbayeva D.G. - PhD, Head of the Department of the Assembly of People of Kazakhstan and Social and Humanitarian Disciplines, Karaganda Technical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan yasmina-dinara@mail.ru

Zhumagulov M. O. - doctoral student of the specialty «Sociology» of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zakon_ali_kz@mail.ru

Мақалаға қойылатын талаптар:

Мақаланың негізгі элементтері:

Мақала мәтіні **кіріспеден** (өзектілігі, ғылыми маңыздылығы, зерттеу мақсаты), **негізгі бөлімнен** (зерттеу әдістемесі, әдеби шолу, әдістер, нәтижелер, талдау) және **қорытындыдан** тұрады; Пайдаланылған әдебиеттер тізімі. References.

Мақаланы ресімдеу талаптары:

• Мақаланың басында ҒХТАР (орыс тілінде МРНТИ; ағылшын тілінде SRSTI) белгілеу қажет. Қаріп: **қалың** Туралау: сол жақта.

• ҒХТАР-дан төмен орталықта автордың аты-жөні, дәрежесі, төменде жұмыс орны, мен елі көрсетіледі. Қаріп: *тұрақты, курсив* Туралау: ортасында.

• Тақырып жұмыс орнынан кейін бір бос орынмен бөлінеді. Тақырыптар БАС ӘРІПТЕРМЕН қалың қаріппен басылады. Қаріп: **ҚАЛЫҢ, ҮЛКЕН** Туралау: ортасында

• Тақырып кейін *Аңдатпа* (орыс тілінде *Аннотация*, ағылшын тілінде *Abstract*). Құрылымдық аңдатпада қысқаша мақаланың барлық бөлімдерін анықтау мәтіні болу керек: кіріспе, мақсат, материалдар мен әдістер, нәтижелер мен талқылау, қорытынды. 100-150 сөз. Қаріп: қалыпты Туралау: ені бойынша.

• Аңдатпадан кейін үш тілде түйін сөздер (кемінде 3-5) көрсетіледі. Қаріп: қалыпты Туралау: ені бойынша.

• Мақаланың толық мәтіні журналдың қолданыстағы талаптарына сәйкес рәсімделгеннен кейін. Қаріп: қалыпты Туралау: ені бойынша.

• Мақала мәтінінің соңында *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (Список использованных литератур; References)* көрсетіледі. Әдебиеттер мақалаларды ресімдеу негізгі 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері» баспа стандартына сәйкес жасалуы керек. Қаріп: *тұрақты, курсив* Туралау: ені бойынша.

Microsoft Word мәтіндік редакторы, 2007, 2010. Мәтіннің Көлемі аңдатпаны, түйін сөздерді қоспаған 3000 сөзден – 12000 сөзге дейін болу қажет.

Times New Roman компьютерлік жазу кегль 12.

Жиектері: сол жағы – 3 см, жоғарғы және төменгі жағы – 2 см, оң жағы – 1,5 см, 1 аралықтан кейін. Әдебиеттер тізімі мәтіннің соңында орналастырылады және жұмыстарды атап өту тәртібіне (толассыз нөмірлеу) сәйкес жасалады. Шетелдік еңбектерге сілтемелер-кемінде 30%, Өзін – өзі бағалау-15% аспайды. Әдебиет ағылшын тіліндегі мақалаларға транслитерацияланады. Мәтіндегі әдебиетке сілтемелер осы жұмыстың әдебиет тізіміндегі нөміріне сәйкес келетін нөмір түрінде «шаршы» жақшада ресімделеді. Дәйексөздерді пайдаланған кезде дереккөз бетін міндетті түрде көрсету қажет, мысалы: [1, 1386.], орысша нұсқасында [1, с.138], ағылшын нұсқасында [1, p.138]. Интернет-дереккөздерді пайдаланған жағдайда дереккөзге сілтемені көрсету міндетті емес.

Суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар нөмірлеуді көрсете отырып, тікелей мәтінде ұсынылады (мысалы, сурет 1., 1-кесте). Суреттер, кестелер, графиктер және диаграммалар саны мақаланың барлық көлемінің 20% -ынан аспауы тиіс (кейбір жағдайларда 30% - ға дейін).

Требования:

Основные элементы статьи:

При оформлении рукописи необходимо придерживаться следующей структуры метаданных, представленных на казахском, русском и английском языках: Название статьи (заголовок); аннотации; ключевые слова; Текст статьи включает: **введение** (актуальность, научная значимость, цель исследования), **основную часть** (методология исследования, обзор научной литературы, методы, результаты, дискуссия) и **заключение**; Список использованных литератур, References.

Требование к оформлению статьи

- В начале статьи необходимо обозначить **МРНТИ** (на казахском языке FХТАР, на английском языке SRSTI). Шрифт: **полужирный**. Выравнивание: по левому краю

- Над МРНТИ в центре указываются инициалы и фамилия автора, ниже должность по месту работы, учебы, ученая степень и ученое звание, страна. Шрифт: **обычный, курсив** Выравнивание: *по центру*.

- Заголовок отделяется от места работы пробелом. Заголовки печатаются **ПРОПИСНЫМИ БУКВАМИ ЖИРНЫМ ШРИФТОМ**. Шрифт: **ЖИРНЫЙ, ПРОПИСНОЙ** Выравнивание: по центру

- Над заголовком *Аннотация* (на казахском языке *Аңдатпа*, на английском языке *Abstract*). Структурированное Аннотация должно содержать кратко все разделы статьи: введение, цель, материалы и методы, результаты и обсуждение, заключение или выводы. 100-150 слов. Шрифт: **обычный** Выравнивание: по ширине.

- После Аннотации указываются ключевые слова (не менее 3-5) на трех языках. **Ключевые слова:** власть, общество и т.д. Шрифт: **обычный** Выравнивание: по ширине.

- После полный текст статьи оформленный в соответствии с действующими требованиями журнала. Шрифт: **обычный** Выравнивание: по ширине.

- **Список использованных литератур** (*Пайдаланылған әдебиеттері тізімі; References*) указываются в конце текста статьи. Литературы должны быть оформлены согласно базовым издательским стандартом по оформлению статей в соответствии 1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Шрифт: *обычный, курсив* Выравнивание: по ширине.

Текстовый редактор Microsoft Word, 2007, 2010. Объем от 3000 слов без аннотации и ключевых слов до 12000 слов компьютерной машинописи Times New Roman кегль 12.

Поля: левое – 3 см, верхнее и нижнее – 2 см, правое – 1,5 см, через 1 интервал. Список литературы помещается в конце текста и составляется в соответствии с порядком упоминания работ (сквозная нумерация). **Список литературы** должен содержать не менее 5 источников. Ссылки на зарубежные труды – не менее 30%, самоцитирование – не более 15%.

Литература транслитерируется. Ссылки на литературу в тексте оформляются в «квадратные» скобки, в виде номера, соответствующего номеру данной работы в списке литературы. При использовании цитат обязательно указывать страницу источника, например: [1, с.138] в казахском варианте [1, б.138], в английском варианте [1, р.138] в случае использования интернет-источников указывать ссылку на источник.

Рисунки, таблицы, графики, диаграммы представляются непосредственно в тексте с указанием нумерации (Например, Рис. 1, Таблица 1). Количество рисунков, таблиц, графиков и диаграмм не должно превышать 20% от всего объема статьи (в некоторых случаях до 30%).

Публикация объемом до 6 страниц - 5000 тенге, каждая последующая страница по 1500 тенге, для сотрудников КазНПУ им. Абая - 3500 тенге, каждая последующая страница по 1000 тенге. Дополнительно за DOI - 2000 тенге (за статью), CrossRef - 2000 тг (за одного автора).